

# П И О Н Е Р



Апрель

1954 жыл

№ 4

# Қазақстан Коммунист Партиясының VII съезі

Быйыл 16-18 февральда Алматыда Қазақстан Коммунист Партиясының VII съезі болды. Съезд Қазақстан КП Орталық Комитетінің бір жыл ішіндегі жұмысын қорытты.

Қазақ ССР-ында өнеркәсіптің көптеген салаларын өркендету үшін, социалистік ауыл шаруашылығын мейлінше көркейту үшін көп резервтер мен мүмкіншіліктер бар екендігін делегаттар атап көрсетті. Республиканың жері Урал сыртынан Тянь-Шаньға дейін, Каспий бойынан Алтайға шейін созылып жатыр.

Осыша кең байтақ далаға дәнді дақылдардан бастап субтропик өсімдіктеріне дейін егуге болады. Қазақстан жеріне бидай, тары, күріш, мақта, қант қызылшасы, конопля, зығыр, темекі және басқаларын көптеп егіп, мол өнім алуға болады.

Съездің жұмысында тың және тыңайған жерлерді игеру ісіне баса көңіл бөлінді. Республикамызда миллиондаған гектар игерілмеген құнарлы жер бар, бұл жерді жаздық бидай, соның ішінде қатты бидайдың неғұрлым бағалы сортын тары және басқа дақылдарды әбден өсіруге болады.

Осыған байланысты съезд делегаттары тың жерді игеру туралы көп пайдалы ұсыныстар жасады.

Сонымен Қазақстанда 1954 және 1955 жылдары 6.300 мың гектар тың және тыңайған жерді игеру белгіленді. Бұл жоспарды жүзеге асыру үшін мемлекет Қазақстанға көп мөлшерде қуатты техника беріп, механизатор кадрлар, құрылыс материалдарын, стандартты үйлер жіберіп жатыр. Жаңа жерді игеретін аудандарда көптеген жаңа совхоздар құрылады.

Съезд халық шаруашылығын, мәдениетті өркендету және еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын жақсартуға беру жөнінде қарар қабылдап, нақтылы шаралар белгіледі.

Қазақстан Коммунист Партиясы VII съезі сайлаған Қазақстан Коммунист Партиясы Орталық Комитетінің бірінші пленумы Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары етіп П. К. Пономаренко жолдасты, екінші секретары етіп Л. И. Брежнев жолдасты, Орталық Комитетің секретарлары етіп — Ф. К. Кәрібжанов, М. Ә. Сужиков, Ы. Т. Тәжиев жолдастарды сайлады.

## Қазақстан комсомолының VII съезі

1954 жылы 3-5 мартта Алматыда Қазақстан комсомолының VII съезі болды. Съезд Қазақстан комсомол және пионер ұйымдарының жұмысы жөнінде мәселе қарады.

Қазақстан комсомолының VII съезінен бергі уақыттың ішінде комсомол ұйымының қатары едәуір өсті. Республикамызда 558.240 комсомол мүшесі бар. Колхоздардың басым көпшілігінде бастауыш комсомол ұйымдары құрылған.

Қазақстанның комсомолецтері мен жастары СОКП Орталық Комитеті сентябрь пленумының қаулысын жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Партиямыздың тың және тыңайған жерлерді игеруге қатысу жөніндегі үніне Қазақстан комсомолецтері қызу үн қосты. Бұл күндері Қазақстан облыстарына тың жерді игеруге тілек білдірген жас патриоттар көптеп келіп жатыр.

Комсомол ұйымдары жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісіне белсене қатысуға міндетті. Алайда, комсомол комитеттері мектеп жұмысын жақсартуға, оқу сапасын арттыруға белсене қатыспайды. Соның салдарынан Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстары мектептерінің жұмысында елеулі кемшіліктер кездесіп отыр.

Делегаттар Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетін қатты сынап, көптеген бағалы ұсыныстар жасады.

Съезд қаралған мәселелер жөнінде қарарлар қабылдап, Қазақстан комсомолының Орталық Комитетін және БЛКЖО-ның XII съезіне делегаттар сайлады.



*Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын бол!*



# ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

**№ 4**

**АПРЕЛЬ**

**1954 ЖЫЛ**

*Айына бір рет шығады.*

*Шығуына 16 жыл*



В. И. Лениннің жас шағы.

Суретті салған В. Прагер.

Обязательный

# Жауабын өзін берем



Әңгіме

Таңертең Мақпал төсекке жатқан күйі:

— Оразжан, менің басымның сақыйнасы ұстап қалған көрінеді. Екі шекем зырқылдап сынып барады. Түрегеп тамағыңды өзің жөндеп іш. Разияға айт, сыйырды сауып бере салсын, — деді кеберсіген ернін жалап, ентіге сөйлеп.

Оның ауырып қалғаны айдай айқын еді. Екі беті албырап кызарып кеткен. Қабағы әлсін-әлсін кірбің тартып, қыйналып жатыр. Демалысы жиілеп, көрпенің көкіректегі шеті лүп-лүп көтеріледі.

Ораз уайымдай тұрды орнынан. Сақыйна — Мақпалдың сыралғы ауруы, бір күндік өткінші ауру болғанмен әлсіретіп кетеді: орнынан тұрып, қыя баса алмайды, тамақты татудан қалады. Ендеше үй ішіндегі бүкіл жұмыс, аурудың күтімі енді Ораздың мойнына жүктеледі. «Дәл осы тұста папамның да үйде болмағанын қарашы. Ол болса, бәрін өзі тындырар еді,» деп ойлады Ораз.

— Столдың тартпасындағы термометрді әперші, Оразжан. — Ораз анасына термометрді әпереді.

— Мынаның сынабы түспей тұр ғой.

Ораз термометрді қолына алды да, цифрына үніліп қарап, сабын сілкіп кеп жіберіп еді, термометр еденге тарс соғылып, быт-шыты шықты. Ораз сілейіп тұрды да қалды.

— Әй, Оразжан-ай, — деді Мақпал жалт қарап қабағын онан әрмен шытып, — қайтейін сені. Байқап сіліксең етті... Енді мына сынықтарын сыпырып, аулақ шығарып таста. Аяғыңа кіреді.

...Жуынғаннан кейін Ораз ас үйге кірді. Ішетін тамақ іздеді. Бетіндегі төңкерген тарелкасын ала беремін деп, құмырадағы сүтті төгіп алды. Едендегі сүт жарқырап бейне бір теңізге ұқсап жатыр. Ораз оны қалай сүртіп аларын білмей бірғауым аңырып тұрды. Сағатқа қараса мектепке баратын уақыт болып қалған екен. Ол сабаққа аш кетті.

Ораз сабақтан онан әрмен жабырқап қайтты. Қарны ашып, әлі құрып, жолдастарымен сөйлесуді де ауырлап келеді. Оның үстіне бара салып ішетін даяр тамақ та жоқ шығар. Апасы болса, ауырып жатыр, тамақты кім әзірлеп қоймақ?!

Мақпал басын таңып алып, әлі жатыр екен. Баласының қарс жабылған қабағын көрген соң:

— Қарның ашты-ау, Оразжан, — деп, аяй сөйледі ол, — қайтейін шырағым. Тұруға әлім жоқ... Разия сүтті пісіріп қойған шығар, нанмен сүт іш.

Ораз сүтті жақсы көрмейтін және оны тамақ орнына санамайтын. Тегінде ол тамаққа тым кірпияз бала. Шешесінің пісірген асын да талғампаздық жасап, тиіп-қашып азар ішетін.

Нанға май жағып жеп көріп еді, оған да тәбеті шаппады. Кебірлеп тамағынан жүрмей қойды. Бүйтіп көрген күн құрсын. Қап, тым болмаса папамның келмегенін қарашы деп қайғырды ол.

— Мама, ең бір оңай пісетін тамақ қайсы? — деп сұрады Ораз шешесінен.

Біраз үнсіз жатты да:

— Жұмыртқа қуырып жей ғой, — деді Мақпал.

— Жоқ, жұмыртқа жегім келмейді.

— Күріш көже жасап іш.

— Оны да ішкім келмейді.

— Енді не ішкің келеді?

— Ет турап, мақороннан көже жасап ішкім келеді.

- Мейлің, жасай алсаң, жасап іш.
- Айтып берші қалай жасаймын?
- Әуелі отын-суыңды әзірлеп алшы. Со-нан соң айтып берейін.

Ораз тысқа шықты да, кішірек бір сексеуілді алып, папасынша тасқа соғып жармақшы болды. Құлаштап тұрып, періп қалып еді. Таңқ етіп, алақаны оңбай қалды... Қолын дүңкітіп кетті.

Енді ол сексеуілді балтамен жармақ болды. Бірақ бұған да сексеуіл онай жарыла қоймады, қыйқаланып, берекесі кашты. Бір кезде балта қыйсая тиіп, Ораздың ботинкесінің тұмсығын тіліп түсті. Ораздың шошып қалғаны соншалық, өңі күп-кү болып кетті. Ботинкасын дереу шешіп қараса, әйтеуір аяғына дарымаған екен.

Жаны кейіп кеткен Ораз балтаны былай лақтырып тастады. Үйге кіріп, ол да жатпақ болды. «Бір күнге аштан өлмесің деп ойлады. Ал, кешке таман, мүмкін мамам да түрегелер».

Осы кезде үшінші «Б» да оқыйтын қайрат есік алдынан өтіп бара жатқан.

— Қайрат, бері келші.

Тақыр бас кішкентай аққұба бала Ораздың қасына келді.

— Қайда кетіп барасың?

— Мектепке.

— Жайша ма?

— Бүгін класс қабырға газетін шығаратын күніміз ғой...

— Сен мына бір сексеуілді жарып бер-



ші. Менің ыйығым ауырып тұрғаны... оның үстіне отын жарғаннан жек көретінім жоқ...

Қайрат әлгінде Ораз жара алмай қойған сексеуілді бір шетінен ыңғайлап ұстап алды да, тасқа соққылай бастады. Оп-оңай көтеріп алып торс-торс соғады. Қолын да дүңкітер емес. Әне, сексеуіл шетінен морт-морт сынып түсе бастады. Қалай шебер сындырады, ә? Ең соңынан Қайрат отынды балғамен жанқалап, уақтап берді. Енді тек пешке қалап, астынан шырпы тигізсе, лап етіп жана жөнелетіндей.

— Енді кетейін бе? — деді Қайрат.

— Токтай тұр. Сен білесің бе... менің мамның басының сақыйнасы ұстап қалыпты. Құдықтан бір шелек су әкеп берсең қайтеді. Мен от жаға берейін.

— Мақұл.

Қайрат өзеннен су алып келгенше ас үйдің іші көкала түтінге толып кетіпті. Адам бас суға алатын емес.

— Ораз, — деді ол үйге кіре алмай, табалдырық түбінде тұрып қалып.

— Мен мұндамын, — деген қақалған дауыс шықты іштең.

— Мұның не?

— Мына құрғырдың оты тұтанбай жатқаны...

Қайрат кіріп барып, пешке үніліп қарады.

— Отынды өстіп те қалай ма екен? Мұнша газетті жұмарлап тыққаның не? Тамызықты отынның астына салу керек қой.

Бір минуттен кейін пештегі от дүркіреп жана жөнелді. Үй ішіндегі түтін біріндеп айығып барады. Ораз қызара жасаураған көзін жеңімен сүрткілеп тұр.

— Білесің бе, менің от жаққаннан жек көретінім жоқ. Мамам өзі жағатын!.. Әйтпесе папам жағатын.

— Ал, енді мен кетейін, балалар тосып отырған шығар, — деді Қайрат.

— Кетейін деймісің... Білесің бе, Қайрат. Бүгін сен бармай-ақ қой. Осында бол. Көрдің ғой, мамамның ауырып жатқанын. Маған көмектес. Қазір ет турап, бір көже жасап ішейік.

— Мен жаңа ғана тойып алдым.

— Білесің бе... менің қарным ашып тұр. Әлі оразамды ашқаным жоқ. Бүгін олар газетті сенсіз-ақ шығара тұрар.

— Ертең класс жетекшісі неге келмедің десе не демекпін?

— Вожатый бір жұмысқа жұмсады дерсің. Қорықпа, жауабын өзім берем.

**Б. Соқпақбаев.**



# Алдыңғы ВАГОН

Әңгіме

Осы бір көмкерілген қалың ағаш арасындағы әсем үйдің маңына жыйналатын халық әлі саябырсып көрген емес. Асфальт төселген түп-түзу жолдың ұзына бойымен бір тобы келіп жатса, енді бір тобы кетіп жатады. Бұлардың көпшілігі ата-анасымен келетін жас балалар.

Бұл үй — Павлик атындағы балалар поезының станциясы. Осы маңға жыйналатын балалар саны қанша көп болса, олардың осы жерден алатын әсері мен қосатын жаңалығы да сондай көп-ақ. Соған орай, адамдар арасындағы қарым-қатыстан туатын қызғылықты жағдайлар да аз емес.

Бүгін, сіздер танымайтын бір әке мен бала арасында болған кішкене оқыйғаны әңгіме етейік.

Жаңа ғана станция алдына келіп тоқтаған, сырты жасыл сырлы балалар поезының

маңайындағы адамдардың шет жағын ала, жеңіл ақ костюмді, толықша келген денелі адам, байсалды түрде кішкентай вагондарға қызыға қарап тұрды. Қасында тоғыздар шамасындағы, бүрме шалбарлы, аяғында носкисіз киген сандалы бар бала тұр.

Балалар поезын бұл баланың тұңғыш көруі. Әйтсе де оның жүзінен кішкентай поезға ынтыға қараушылық пен қызығушылықтың белгісі көрінбейді. Тек әкесіне жалтақтап тықыршып қарай береді. Өйткені ол: «үлкен поездан айырмашылығы жоқ қой, кішілігі болмаса, түрі де бірдей» деп, ендігі өзгешелікті вагонның ішінен іздемекші. Егер ол жалғыз өзі келсе бұлай тұрмаған да болар еді. Ендігі вагон ішіндегі ең жақсы деген орынға ие болып отырар ма еді, қайтер еді...

Балаларын жетелеген айналадағы үлкен адамдар вагон ішіне орналасып жатыр. Оларды байқап тұрған Төлептің шыдамы таусылды.

— Папа, кірейікші енді ішіне, — деп, өтінішті баяу дауыспен әкесінің қолынан ұстап, алдыңғы вагонға қарай қозғалды.

Әкесі оның бұл тілегіне қарсылық еткен жоқ. Бірақ, баласының соңынан алдыңғы вагонға қарай жүру орнына, соңғы екінші вагонға қарай бұрыла жүрді.

Әлденеге антарыла қарап тұрып қалған Төлеп әкесін қолынан тарта бөгеп:

— Папа, папа, қараңызшы! Әне, алдыңғы вагонның қасына біздің Сәду де келді, мамасымен бірге. Жүріңізші солармен бірге отырайық, — деп даусы қаттырақ шығып, алдыңғы вагон жақты қуана көрсетті.

Өзімен бірге оқыйтын Сәдуге қараған оның үлкендеу дөңгелек қара көзіндегі балалық қуаныштың отты жанары күлімдей қадалып, онымен бірге отыра, ортақ қызықтарын ортаға салу өте көңілді сыяқты көрінді.

Бірақ, оның әкесі бұл қуанышты ойын су сепкендей етті. Ол артқы вагонның есігіне барып та қалған еді. Төлеп жүгіре басып әкесінің алдына шықты. Алдыңғы вагонға отыруды өтініп тұр.

— Жоқ, балам, ол вагонға біз отыруға болмайды. Жүр ішке, — деді әкесі. Сөзі әрі зілді, әрі бұйрықты.

Ойламаған жерде болған әкесінің бұл ісіне Төлеп ренжіп қалды. Алдыңғы вагонға неге отыруға болмайды? Ол туралы ойлаған да жоқ.

Енді бөгелуге уақыт аз. Ол амалсыздан сол вагонның есігіндегі, өзінен екі-үш жас үлкендеу, ақ китель шалбарлы, иығында оқалы погоны бар проводник балаға екі билетін көрсетті де, вагон ішіне әкесімен бірге еніп орын алды.

Беті жалпақтау келген сары бала — бас кондуктор аузын толтыра ысқырғышпен қатты ысқырып қалды. Вокзал алдындағы қоныраудың ақырғы рет қағылған даусына, паровоздың ысқыра шыққан жіңішке үні жалғасты да, поезд алға жылжып, қалың ағаш арасымен жүріп кетті.

Бұрын әкесімен бірге, үлкен поезд вагоны ішінде не машинаға отырғанда айналада кездескен заттар туралы сұрау қойып: я басқа бір жайлардан әңгіме айтуды өтініп, тынышын ала беретін Төлеп бұл жолы томсырайған бойында өкпелі отыр. Тек анда-санда тыйышсыздана ашық әйнектен басын шығарып алдыңғы вагон жаққа қарай береді. Ол вагонның әйнегінен қарап отырған балалардың арасынан Сәдуге ешкімнің тұлғасын ұқсата алмай, оның атын атап айғайлап жібергісі де келеді. Бірақ әлі суый қоймаған реніші олай етуге жол бермей, өзін-өзі бір қалыпта ұстап отыр...

Поезд қайта айналып вокзалдың алдына тоқтағанда, вагоннан түскен балалардың арасынан Төлеп Сәдуді айнала көзімен шолып таба алмады. Оның әкесіне тура қармай: «Алдыңғы вагонға отырсақ, Сәдулермен бірге қайтатын едік» — деген екінші көмескі даусынан әлі де реніші тарқамағаны байқалады.

— Өзіміз де қайтамыз ғой, — деді әкесі.

Бала үндемей төмен қарады.

— Сен неге үндемейсің, ә?

— Мені Сәдумен бірге алдыңғы вагонға отырғызбадыңыз ғой...

— Сен, Төлеп, түсінемісің, алдыңғы вагонға отыруға біздің хақымыз жоқ қой.

Әкесіне жалт қараған Төлеп алғашқы да бұл сөзді ойнап айтып тұрған болар деп ойлап қалды. Бірақ әкесінің жүзінен ондай белгіні көрмеген ол танданып:

— Неге, папа? — деді. — Билет болған соң бәрі бір емес пе?

Төлепке сәл езу тарта қараған әкесі:

— Жоқ, балам, әңгіме онда емес. Бұл — балалар поезы.

— Ал, сонда алдыңғы вагон кімдер үшін? — деп алдыңғы вагонға қарай берген Төлеп аузы ашыла тұрып қалды. Оның бұл сұрауына вагонның сыртындағы майлы бояумен ірі етіп жазылған үш сөз жауап беріп тұр еді.

Төлептің бүкіл денесі дір ете қалғандай болды. Ренішті қатқыл өңі бірден өзгеріп кетті. Ұялған жүзін, кінәлі адамдай әкесінен жасыра алмай, сасып қалды. Тіпті бағанадан көрмеген алдыңғы вагон сыртындағы үш сөз, енді қайда қараса да, көзіне еріксіз түсе берді.

Ол — «оқу озаттары үшін» деген жазу болатын. Әкесінің ол вагонға отырмау себебі Төлепке енді ғана түсінікті болды.

Алғашқыда ретсіз өкпелеген баласының қазіргі жүзіндегі өкініш ізін байқаған әкесі:

— Ренжімес бұрын айналаңа, өзіңе үңілгенің дұрыс болады. — деп күлімсіреді.

Орынды жерде айтылған, әкесінің орынды сөзі баланы құлағына дейін қызартқанына шүбәланар ма екенсіз...

*Сәкен Жүнісов*



Суреттерін салған А. Воеводин.

## БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕР

### ҚАЛТЫРАҚ

Үйден шықпай, аязды ойлап  
қалтырап,  
Екі пальто киді үстіне  
Әбдірақ.  
Қырға шыға, пысынады сон-  
шама,  
Терге шомды түскендей нақ  
моншаға.  
Қуты қашты — ебі келмей жү-  
руге,  
Ілесе алмай жолдастардың  
біріне.  
Амалсыздан арқалады шаң-  
ғысын,  
Айтпай-ақ та қояйын мен  
арғысын...

### ҚОЗЫ МЕН ТЕКЕ

Бір қозы терге шомып, жалдап  
жанды,  
Күртіктен ойдым жерді аршып  
алды.  
Бас қойып тебін шөпке жатыр  
еді,  
Теке де сорына оның келе  
қалды.

Қозының бүйіріне мүйіз төнді,  
Ыңқ етті, қозы байғұс кете  
берді...  
Мүйізім бар екен деп кішілерді,  
Сүзгілей беруге де бола ма  
енді?!

### „ҚАЙДА? ҚАШАН? ҚАЛАЙ? НЕГЕ?“

Өзін кіші көргеніңмен,  
Бұл бауырым есті менің.  
Жаңылмайды көргенінен,  
Умытпайды естігенін.

„Қайда?“  
„Қашан?“  
„Қалай?“  
„Неге?“ —  
Көп білуге құмартады.  
Жауап беру оңай деме,  
Сөз таппасаң уялтады.

Білім дәнін тереді де,  
Осындайдан толады ой.  
Кітап жазған егеді де,  
Оқығандар орады ғой.

### СӨЗ БЕН ІС

Сыпайылық туралы  
Сырым қызу сөйледі.  
Кей жолдасын „сынады“,  
Сынамады-ау түйреді.

Жыйыннан соң қайтты ол  
Трамваймен үйіне  
Көңілінің әлгі сол  
Көтеріңкі күйінде.

Ол отыр жайлы орында.  
Қасында оның ортада  
Чемоданы қолында,  
Түрегеп тұр қарт ана.

Манағы қайда жыйыны?  
Сырымға ол көрген түс...  
Сол ғой, шіркін, қыйыны:  
Алшақ қонса сөз бен іс.



### АЙТАЙЫҚ БІЗ ОҒАН

Қарамай досым көңілге  
Тақса да маған қазір мін,  
Үйге көмек беруге  
Әрқашанда әзірмін.

Ауланың қарын күрер ем,  
Аяғым су болмаса.  
Бақшаны баптап жүрер ем,  
Үстіме шаң қонбаса.

Суға да мен барар ем,  
Егер қарым талмаса.  
Отынды да жарар ем,  
Ағаш қатты болмаса.

Жұбатар ем Маратты,  
Жылап, маза алмаса.  
Жақсы оқыр ем сабақты,  
Математика болмаса...

\*\*\*

Айтайық біз Кәрімге  
Бұл мінезін қоймаса:  
— Тыңдырар ең бәрін де,  
Жалқаулығың болмаса.



### БИККЕ, БИККЕ

Көктемде, көктемде  
Күн нұрын төккенде,  
Қар еріп,  
Ақты су,  
Жоғары тартты бу.

Көк шыбық былтырғы  
Көгерді, — құлпырды,  
Құлпырды, құлпырды,  
Жоғары ұмтылды!

Ұмтылып жоғары  
Өседі — толады...  
Сенің де өсуің  
Сондай ғой.  
Өс, інім!







## Шолпан

Саид Баязитов

Әңгіме

Суреттерін салған В. Сибирцев.

Жексембі күніне қараған кеште сырқаттанып қалған Торғайдың анасы ертелетіп баласын бригадирге жұмсады.

Торғай далаға шыққанда көктем таңы жана саз беріп келе жатқан. Бұлтсыз, көгілдір аспанда жұлдыздар әлі жарық жанып тұр. Бетке майда леп соғады.

Нұртай бригадирдің үйі селоның шетінде. Жас балаға біраз жер. Әсіресе қабаған итері бар көшемен жүру қорқынышты. Балалар айналып өтеді. Сонда жол ұзара түседі.

Ал, бригадирдің өзі ұйқысы аз, сергек кісі. Күнұзақ тыным көрмесе де, таңнан тұрады. Орнынан ерте таппаса, егін даласына кетіп қалуы да мүмкін.

Осындай оймен Торғай жүгіре жөнелді.

Тастай зымырап келе жатыр еді, бір кезде дәл жанынан «қайда асықтың?» деген қыз даусы сап етті. Бала кілт тоқтады.

Жетінші класта оқыйтын Шолпан қыздың үйі тұсына келіп жеткен екен. Таяқ тастам жерде Нұртай бригадирдің үйі тұр.

Тоқтатқан — Шолпан. Көңілді жүретін, ойнақы мінезді өжет қыз. Көздері жалт-жұлт етіп күлімдейді.

— Немене? — деді Торғай оның орта жолдан киліккенін ұнатпай.

— Жарғанаттай қайда ұшып барасың?

— Бір жаққа...

— Байқап ұш, тұмсығыңды тасқа соғып аларсың, — деді де Шолпан, өз сөзіне өзі сүйсінгендей, сықылықтап күліп жіберді.

— Күле бер, — деді жәбірленген Торғай, — мәз болатын жайым жоқ, мамам ауырып...

— Мамам ауырып..?!

— Я.

— Дәрігерге барамын десеңші.

Торғай, мамасын дәрігер көріп, жұмысқа шығуға қоспағанын, көшетке су себуші болмай, бригадирге бара жатқанын айтты.

— Кешіктің, — деді Шолпан, — Нұртай ағай егінге кетті.

— Қайдағы егінге? — деді Торғай, үстінен мұздай су құйылғандай селк ете түсіп.

— Бидайкөлдегі. Жап-жаңа кетті, тез орала қоймас.

— Енді қайттым? — деп бала, өкінішпен жолға отыра кетті.

Торғайдан екі-үш жас үлкен болса да, бұл көрініс Шолпанды қатты састырды. Ол қапелімде сөз таба алмай:

— Бала болғасың ба, ойланайық, — дегенді айтты.

— Көшет, көшет, — дей берді Торғай, — ол мамама, сеніп тапсырылған. Су себілмей қалса, не болмақ!

Шынында солай, уақытылы су себілмей, көшетті солдырып алса, мамасына ұят келетіні рас. Қолхоздың өзіне де қып-қызыл зыян.

Бір кезде Шолпанның көздері күлімдеп сала берді. Бойындағы қуаныш сезімі тасып сыртқа шықты.

— Су себетін адамды мен таптым!

— Кім? Кім себеді? — деді Торғай да орнынан ұшып тұрып.

— Мен!

Шолпан бұл сөзді зор сеніммен айтты.

Торғайдың қара көздеріндегі жалт еткен үміт оты қайта сөнді. Жүзі бірден тұнжырап кетті. Сенімсіздік көрсетіп:

— Сен бе себетін? — деді кекесінмен. — Лейканы көтере алмай жүрерсің.

— Бригадирді іздеймін деп жүріп көшетті солдырып аласың.

— Жок, сеніп тапсыра алмаймын,— деді Торғай бар істің тетігі өз қолында тұрғандай маңызданып.

— Тындашы, гүлдерге су сеуіп...

— Көшет — гүл емес. Су себудің әдісін білу керек.

Торғайдың соншалықты ақылдымсуы Шолпанның ашуын келтірді.

— Қарай гөр сөзін,— деді ол тістеніп, ернін шүйіре.— «Әдісін білу керек», білмейтін болармын, көшетті көрмеген шығармын.

— Білсең айтшы,— деді Торғай мізбақпай,— көшетке қандай баптар керек?

— Айтсам — айтамын да...— деп Шолпан тапал Торғайдың үстінен аса қарап қойып, әңгімесіне кірісті. Ол Торғайдың мамасынан үйренген бірсыпыра әдістерді айтып берді. Жалтақтамай, жаңылыспай, мұғалімнің алдында сабақ айтып тұрғандай, немесе пионер жыйынында баяндама жасағандай, әсерлене сөйледі. Торғай аузын ашып, ұйып тындады.

Дегенмен, Торғай келісім бермей кетті. Ол көк жиектен шашырай шыққан күннің қызғылт сәулесін көрді де, жүгіре жөнелді.

— Тура председательдің өзіне барамын,— деді кетіп бара жатып.

Председательдің ауданда екенін есіне алған Шолпан:

— Оны да таппассың,— деп күлімсіреді де, бір кезде өзі де үйге жүгіріп кетті.

\* \* \*

Памидор, капуста көшеті егілген парник селодан оншалықты қашық емес, үлкен каналдың жиегінде болатын.

Іске сергек сезіммен кіріскен Шолпан үш қатар парниктің екеуіне суды лезде сеуіп болды. Сонғысына сеуіп жүр. Сонсоң қайтара сеуіп шықпақ. Білегі түрулі. Тал бойына ауыр соғатын үлкен лейкадан суды жаңбырлата құяды. Қос шелектің салдырына қосыла әндетіп, канал мен парник арасында талай қатынады.

Күн де қыздырып келеді.



Кенет арт жағынан сыбдыр естілді. Шолпан бұрыла қарап, келіп тұрған Нұртай бригадир мен Торғайды көрді.

Лейкасын жерге ақырын қойды да, ол бойын түзеп алды. Қара торы жүзінде өзгеше құбылыстар пайда болды. Галстугінің ұшынан бұдыр тапқандай шұқылай беріп:

— Торғайға кейіменіз, мен өзім...— деді.

— Жок, кейімеймін. Қайта қуанып тұрмын,— деп бригадир сүйсіне жауап қатты. Сонсоң көшеттерді көре бастады.

Қыз қолынан нәр алған көшеттер қанат жайып құлпырып тұр екен.

— Саған көп рахмет, қызым!— деді бригадир алғыс айтып.

Шолпанның көңіл дүниесі де осы көшеттей гүл атып жайнап кеткен еді. Бойына жаңа күш құйылғандай, көздерін жалт еткізе Торғайға тікті де:

— Әлі де сенбейсің бе?— деді.

Торғай ұялғаннан жер шұқылай берді.

Қызылорда



# Бұлар Қазақстанның тың жерін игеруге келді

Село жастары бүкіл совет халқымен бірге СОКП Орталық Комитетінің Сентябрь Пленумы белгілеген міндеттерді орындауға асқан жігермен кірісті. Партиямыз бен үкіметіміздің еліміздің шығыс, оңтүстік-шығыс және басқа аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысын бастағанын біліп, біздер, Новопуть МТС-нің механизатор-комсомолецтері жаңа жерді игеру жұмысына қатысуға ықылас пен тілек білдірдік;

МТС дирекциясы мен партия ұйымы біздің тілегімізді қолдады. Сөйтіп комсомол ұйымының ұсынысымен Қазақстанға барып тың және тыңайған жерлерде жұмыс істеу үшін жастардан трактор бригадасы құрылды. Бригадада тракторшы — дизельші, механик, бригадир және оның көмекшісі, есепші бар. Тракторшылармен бірге екі аг-

роном да барады. Жаңа жерде жұмыс істеуге бара жатқан бұл бригаданың құрамында МТС-тағы комсомол комитетінің секретары мен төрт мүшесі бар.

Қолхоз өндірісінің алдыңғы шебінде Ленин комсомолының туын жоғары ұстауға біз уәде береміз.

А. КОЗУЛИН — агроном, МТС комсомол комитетінің секретары, П. РЕТЮНСКИЙ — трактор бригадасының бригадирі, Н. КАБАНОВ, Д. КАБАНОВ, Н. СЕРЕЖКИН И. ВОРОБЬЕВ, А. МИТЮШИН, Н. КОЗЛОВ, В. КОЗЛОВ, И. СЫСОЕВ, В. МОРОЗОВ — тракторшылар, В. ФРАНЦЕВ — механик, Б. АСТАШОВ — тракторшы және комбайншы, Ф. БАРАНОВ — комбайншы, механик және дизельші. А. ТРОФИМОВ — агроном, В. ПАВЛУШИН — есепші.

Москва облысының Кимовский ауданы.



Суретте: солдан оңға қарай (бірінші қатардағылар) Николай Серержкин, Николай Кабанов, Иван Сысоев, Николай Козлов, Иван Воробьев, Владимир Морозов, Анатолий Козулин, Петр Ретюнский; (екінші қатардағылар) Борис Асташов, Владимир Павлушин, Анатолий Трофимов, Владимир Францев, Дмитрий Кабанов, Василий Козлов, Анатолий Митюшин, Федор Баранов.

Суретті түсірген М. Кухтарев.

# 6.300.000..

Бұл — жай цифр емес, балалар! Ұлы істерді, жаңаша еңбек қарқынын күтіп тұрған цифр, үлкен міндеттің мөлшері.

Осы біз «Коммунизм құрамыз» деген сөзді жиі айтамыз! Оны сендер де айтасыңдар, сендердің ата-аналарың да айтады, біз де айтамыз. Бірақ соны біз жай айта салмаймыз, үлкен бір сенімділікпен, сөзіміз бен ісіміздің арасында алашақтық болмайтындай батылдықымен айтамыз. Өйткені өміріміздің өзі бізді осындай ұлы міндеттерді ауызбен айтып қана қоймай, қолмен атқаруға нұсқайды. Міне, бұл цифр — осы біз баратын болашақтың басқышы.

Коммунизм — молшылық қой. Ол — халқымыздың материалдық, мәдени молшылығы. Біз қазір сол молшылық үшін күресудеміз. Қазіргі әрбір жаңа бастама, ұлы іс — барлығы да осы молшылықты жасау мақсатына негізделген.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь пленумы бізді сол молшылықтарды қолмен жасауға, еңбекпен өндіруге шақырады. Қазір бүкіл халқымыз болып социалистік ауыл шаруашылығының барлық резервтерін қысқа мерзім ішінде іске қосуға, артта қалған аудандар мен колхоздарды озаттардың дәрежесіне жеткізуге, барлық колхоздардың тегіс гүлденіп көркеюі үшін, барлық колхозшылардың тұрмысы мол, ауқатты адамдар болуы үшін күресуде. Ол үшін керекті азық-түлік өнімдерінің, өнеркәсіп товарларының өнімін арттыруға күш жұмсауда.

Сентябрь пленумының қаулысында астық шаруашылығы бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылады делінген. Сол себептен елімізде қазір ауыл шаруашылығы жұмыстары, негізінен, астықтан мол өнім алуға бағытталды. Осы міндеттерге сай қазір бүкіл елімізде жаңа бір еңбек ұраны басталды, халқымыз жаппай тың және тыңайтылған жерлерді игеруге, еліміздегі пайдаланыл-



май жатқан бос жерлерді жыртып, табиғаттың барлық байлықтарын меңгеруге аттанды.

Таяуда болып өткен Қазақстан Коммунист Партиясының VII съезінің қарарларында да біздің халқымыздың назары осы міндеттерге аударылған. Қазақстан — Совет Одағындағы территориясы үлкен, пайдаланылмай жатқан жерлері көп, келешегі мол республиканың бірі. Сондықтан тың және көптен тыңайып жатқан жерлерді меңгеруге байланысты бірсыпыра жұмыстар біздің республикамызда жүргізілуге тиісті. Біздің республиканың солтүстік-шығыс және батысында пайдаланылмай бос жатқан қанша елсіз жер бар еді, оны біз «құнарсыз шөл» деп атайтынбыз. Қазір халқымыз осы құнарсыз даланы жаңартуға шықты. Енді осы далаға МТС-тар көшіп келеді, совхоздар орнайды, дала халыққа толады.

Тек мына бір цифрға назар аударайықшы. 1913 жыл мен 1953 жылдар арасындағы 40 жыл ішінде Қазақстанда егіс көлемінің өсуі 5.017.1 мың гектар екен. Ал, жаңа міндет бойынша 1954 — 1955 жылдардың өзінде Қазақстанда 6 миллион 300 мың гектар тың және тыңайтылған жерлер меңгерілуге тиіс. Міне, әлгі цифрымыз осы, біздің республикамыздың келешек гүлденуін шешетін, халқымызды молшылыққа бөлейтін еңбектің цифры.

Агротехникалық шараларды дұрыс пайдаланып, тың және тыңайтылған жерлерге егілген егін өнімді анағұрлым көп беретінін тәжірибе анық дәлелдеп отыр. Солтүстік Қазақстан облысы Конюховск ауданының «Путь Ленина» колхозы тың жерге салынған егіннің әр гектарынан 30 центнер өнім алған. Бұл — колхоздың сол жылда алған егісінің орта мөлшерінен екі есе артық. Полудин ауданының «Прогресс» ауылшаруашылық артелінде әр гектар тың жерден 32 центнер өнім алынған.

Тың және тыңайтылған жерлерді игеру ісінде тек МТС-тар мен колхоздар ғана емес, астық совхоздарының да міндеті орасан зор. Үкімет пен партия Қазақстанда астық совхоздарының көбеюіне айрықша көңіл бөліп отыр.

Қазір Қазақстанның Солтүстік-шығыстарында 90 ірі астық совхозы ұйымдастырылуда. Олар бірнеше мыңдаған гектар тың және тыңайтылған жерлерді игеруге тиіс. Олар быылдың өзінде 5.470 «С—80» және «ДТ—54» дизель тракторларын, қосымша түренді, топырақ тереңдеткіші бар бес корпусы 6.400 плуг, тұқым себетін 7.600 сеялка, көптеген культиватор, ауыр тырмалар алады. Жаңа совхоздар үшін төрт мыңнан аса комбайн бөлінеді. Колхоздар мен МТС-тарға бөлінген жаңа машиналар өз алдына.

Еліміздің алдыңғы қатарлы механизаторлары басқа жерлерге барып, тың және тыңайтылған жерлерді жыртуға, пайдаланылмай жатқан табиғат байлықтарын игеруге тілек білдіре бастады. Краснодар өлкесіндегі Усть-лабинск МТС-ның комбайншысы Социалистік Еңбек Ері Николай Балакин сол жерден комсомол-жастар бригадасын ұйымдастырып, сол бригадамен Қазақстанға көмекке келуге тілек білдірді.

«Қазақстанда жаңа ұйымдасатын совхоздың біріне қызметке жіберуіңізді сұраймын»,— деп жазды өзінің арызында қарт коммунист Петр Ефимович Ряднинский. Ол — ауыл шаруашылығында көптен бері істеп келе жатқан қарт маман. Ряднинский ұзақ жылдар МТС-тың саяси бөлімінің бастығы, одан кейін МТС директоры болды. 1938 жылы ол социалистік жер шаруашылығы Академиясын бітіріп, агрономдық мамандық алды. Соңғы 13 жыл бойы Петр Ефимович совхоздың аға агрономы, өткен жылдың шоль айынан бері Қырым облысындағы «Черноморский» совхозының директоры болып істейді. «Мен, — дейді ол, — қазір Қазақстан жағдайымен толық танысу үшін ол туралы кітаптарды оқып жүрмін. Қандай



бай өлке! Қанша пайдаланылмай жатқан байлық, жыртылмаған тың жер бар онда!

Бұл бір шағын мысал. Қазақстанға келуге тілек білдіріп жатқан мамандар көп-ақ. Тек РСФСР мен Украина ССР-ынан Қазақстан МТС-тарына 16 мыңға жуық механизаторлар мен мамандар келмек.

Миллиондаған гектар тың жерді игеру ісіне қатысу үшін механизатор болуға тілек білдірген комсомолецтер мен жастар өз республикамызда да толып жатыр. Петропавловск станциясы паровоз депосы жас жұмысшыларының үндеуіне үн қоса отырып, олар механикаландыру училищесі мен тракторшылар курсына оқуға жіберуді сұрайды.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь пленумы таяудағы екі-үш жылдың ішінде картоп пен овощь өндіруді ұлғайту міндетін қойды.

Республиканың колхоздарында үстіміздегі жылы кемінде 40 мың гектар картоп, 22 мың гектар овощь егіліп, олардан жоспарлы өнім алынуы қамтамасыз етілуге тиісті.

Бұл жұмыстарда таяудағы екі жылдың (1954—1955 жылдар) ішінде орындау міндеті түр біздің алдымызда. Сонда біз мемлекетке астық тапсыру жағынан Совет Одағындағы ең астықты республиканың бірі саналатын Украинамен тең түсетін боламыз.

Балалар! Біздің республикамыздың алдында қазір ұлы міндеттер түр. Ол міндет халқымызды әл-ауқатын, тұрмыс күйін көтеру мақсатына негізделген. Елімізде азық-түлік молайса, өндіріске керекті шикізат дайындайтын мал шаруашылығы өркендеп өссе, біздің Социалистік Отанымыз нығайып, беки түседі. Біз Коммунизмге таяна түсеміз.

Екі жылдан кейін біздің республикамыз адам танығысыз өзгереді. Құстың қанаты, тұлпардың тұяғы күйетін шөл далаларда ну егін жайқалып тұратын болады. Бетпақ та республикамыздың астықты ауданы аталады.

С. Халықов.

# Мен кім боламын

Поезд қозғалып, бірте-бірте қаттырақ жүріп кеткенде, Ергештің мамасы көзінің жасын сүртіп қала берді. Поезд Алматыға бет алды.

Ергеш Іле ауданындағы 1-май атындағы колхоздың бастауыш мектебін өте жақсы бағамен бітірді. Бұл колхозда одан жоғары класс жоқ. Мамасы енді оны көршілес колхоздағы мектепке бермек болып жүргенде, Ергештің мұғалімі ақыл беріп, ол Алматыдағы Жамбыл атындағы 18-мектептің интернатына жатып оқыйтын болды. Алматы бұл жерден қашық та емес. Бары-жоғы қырықелу километрдей ғана жер.

Ергештің папасы Жайлаубай кеше, Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінде, майданға аттанып кеткенде, жаңа талпынып еңбектей бастаған тоғыз айлық баласының міне енді бастауыш мектепті бітіріп, Алматыға жол тартқанын ана қуаныш етіп еді... Қуаныш толы ет жүрек осындай бір кезде елжіреп те кеткен...

Ергеш Дербесов өткен оқу жылында осы 18-мектептің 5-класын өте жақсы бітірді. Қазір ол 6-«б» класында оқыйды.

... Бірінші тоқсанның жаңа басталған кезі болатын. Кең класс. Мұғалім қазақ тілі сабағын оқытып тұр. Жазғы каникулдан келген балалардың бәрі де сабақты ұйып тындауда. Класс ішінен ұшқан шыбынның да ызыңы естілгендей. Бірақ осы тыныштықты артқы партадағы отырған Т. деген бала бұза берді. Ол алдыңғы партада сабақ тыңдап отырған Ергешті бір-екі рет түртіп қалды. Ергеш оған көңіл аударма қоймады, сабақ тыңдап отыра берді.

— Ергеш, бері кара деймін, әйтпесе...

Ергеш оған бұл жолы да қараған жоқ. Бірақ Т. бұл жолы Ергешті желкеден қаттырақ нұқып қалды.

— Сен не, білгенсіп, сұрайын десем,— деп аузын бұртыйтты ол.

Ергеш оған сыбырлап, «тыныш отырсаңшы» деп қалды. Мұғалім екеуіне де ескерту жасады. Ергеш қатты ыңғайсызданып, қызарып кетті.

Сөз қайта басталғанша қоңырау соғылды. Мұғалімнің кластан шығуы-ақ мұң екен, әлгі бала Ергештің жанына жетіп келіп:

— Сен немене білгенсіп,— деп қоқыланды.

— Я, не сұрайын деп едің?

— Бері жүрші өзің.

Екеуі алаңға шықты.

— Сен мені ұятқа қалдырдың,— деді оған Ергеш...

Ол екеуі осылай керілдесіп тұрғанда қоңырау соғылып, сабақ қайта басталып кетті... Ботаника сабағы өтіп жатыр. Сабақ басталып кеткеннен кейін кіруге батылдары бармады. Сонымен екеуі бір сабақтан қалып қойды.

Келесі жолы мұғалім Бұқарбаева қазақ тілінен сабақ сұрағанда Ергеш бұрынғыдай нақты жауап айта алмай, тайқалақтай берді. Оған «төрт» қойылды. Ендігі сабақ ботаника болатын. Өткен жолы болмай қалғандықтан, Ергеш ол сабақ болады дегеннен бастап көңілсіздене қалды. Ол өзі жоқта өтілген жаңа материалға жақсы түсіне алмады да, басқа сабақтармен айналысып кетті. Бұл қатесін ол класқа келгенде, мұғалім сұрай бастағанда қатты сезді. Енді не істеу керек? Сұрап қалса ғой, маскара болады. Ол қатты қысылды.



Ергеш пен Қенжебек қабырға газетін шығаруға келді.

Суретті түсірген П. Редько.

Мұғалім басқа балалардан сұрап жатқанда, оның ойына Т. түсіп, оған қарай қойып еді, ол да партаның астына кіріп кетердей, бір-ақ уыс болып отыр екен. Екеуінің де жүзі төмен, мұғалім көрмесе екен дейді. Ал, сабақ білетіндердің жүзі жарқын... Не деген ұят! Мұны мамам білсе... ол ғой колхоздың қызылша плантациясында жүргенде де мен турағы ойлайды... мені адам болады деп сенеді. Ал, мен болсам балаларды қалқалап, бұғып отырғаным мынау. Пионер ұйымы ше?..

Мұғалім келесі сұраққа көшті.

— Көктемде себілген күздік бидай неге масақтанбайды? Бұл сұраққа жауапты тұңғыш рет кім берді?

Ергеш айналасына тағы бір қарап еді, одан басқа қол көтермеген оқушы жоқ екен. Қол көтермесе де, кезек Ергешке келді. Ол сасқалақтап, жарытып жауап бере алмады.

Бұл сабақтың жауабын Нұрпейіс берді. Ол айтқанда сабақ сондай қызық көрінді. Күздік бидай көктемде сепсең де шығады, бірақ масақтанбайды. Бұл сұраққа жауап берген, — деді Нұрпейіс, — академик Лысенко болатын. Ол 1929 жылы тәжірибе жасаған. Сол тәжірибеден академик мынаны білді. Күздік бидайдың дамуы үшін оған суықтың не ұзақ, не қысқа мерзімді ықпалы керек. Көктемде сепкен бидайға суықтың ықпалы тимейді, сондықтан өнгенімен масақтанбайды...

Ергеш қандай қызық сабақтан қалған ә! Егер жазғы каникулда ауылға барғанда мамасына мынаны айтып берсе... туһ! Неге ғана қалды екен!..

Осындай көзге елеусіз жайлар, ұсақ салақтықтар жыйнала-жыйнала келіп, Ергешке едәуір қырсығын тигізді. Бірінші тоқсанның қорытындысында Ергештің бұрынғыдай бәрі „бес“ емес үш „төрттік“ бағасы болды. Ол — қазақ тілінен, қазақ әдебиетінен, ботаникадан.

Өзіндей үздік оқытын жолдастары Кеңеспен Нұрпейіс Ергештің мұнысына қатты ренжіді.

— Сен нашар оқытын пионерлердің біріне көмектесіп, алға шы-

ғарады деп жүрсек, — деді отряд вожатыйы Сәлімбеков, — өзің төмен құлдылап барасың...

— Мен екінші тоқсанда барлығын «беске» оқыймын. Т-ға да көмектесемін деп пионер ұйымына уәде беремін, — деді Ергеш.

Ергеш ақыры уәдесінде тұрды. Ол үшін уақытты дұрыс пайдалана отырып, кейбір шалағайлықтарын жойды, өте ұқыпты бола бастады... Екінші тоқсанда бұрынғы «төрт» алған үш сабақтың үшеуіне де ол «беске» оқыды. Сонымен бірге жолдасы Т-ға да ықпал жасай білді. Ол да жақсы оқый бастады. Ол екеуі сабаққа көбіне бірге даярланып жүрді.

Ергеш те, Т. да, Нұрпейіс те пионерлік жұмысқа белсене қатысады. Олар хор айтушылардың нақ ортасында болады. Кеңес, Нұрпейіс, Ергеш — кластың қабырға газетінің редколлегия мүшесі...

Жақында олардың класында В. Маяковскийдің «Кім болам?» деген өлеңі оқылып, талқыланды.

«Жыландай жылжып жыл барады,

Он жетіге жас жетті...»

деп бастады өлеңді оқып тұрған пионер Кеңес Қасымов. Ең бірінші болып сөз алған Ергеш Дербесов болды. «Мен кім болатынымды осы бастан-ақ ойлап жүрмін...» деді ол.

Ол жолдастарына әрқашан барлық сабақтан, әсіресе, математикадан көмектесіп отырады. Сөйте отырып, өзінің кім болатынын ойында білдіреді. Оның инженер-механизатор болғысы келеді. Бірақ ол әдебиетті де, ботаниканы да, географияны да жақсы көреді. Өйткені жақсы механизатор болуы үшін жер жағдайын біліп, өсімдік дүниесінен хабардар болуы керек. Жақсы механизатордың көркем сөйлей білгені қандай жақсы! Ергеш осының бәрін де ойлайды.

Ергеш жатақ орымен, тамақпен тегін қамтамасыз етілген. Тұрмыста ешбір алаңы жоқ. Оқуға барлық жағдай бар. Оның көздейтіні сол — тек оқый бергісі келеді, өзі ойлағанындай, механизатор болғысы келеді. Әрине, оқу үздігі — Ергеш Дербесов ол тілегіне жетеді!...

**Б. Қыдырбекұлы.**



Ергеш сабаққа дайындалу үстінде.

Суретті түсірген П. Редько.

# 100 химиялық элемент

XVIII ғасырдағы ғалымдардың химия тарауында ашқан жаңалықтары XIX ғасырдағы химия ғылымының тез өркендеуіне дайындық жасады. Белгілі болған химиялық элементтер саны жылдан жылға көбейе бастады. 1800 жылы тек қана 27 элемент белгілі болса, 1860 жылы олардың саны 58 ге жетті, яғни орта есеппен алғанда екі жылда бір элемент табылып тұрды. Ал, 1952 жыл бойынша химиялық элементтер саны тура 100 ге жетті. Демек, екінші сөзбен айтқанда 100 атомның түрі (сорты) бар екендігі анықталды.

Оқушы, мүмкін саған элемент, атом деген сөздер түсініксіз болар. Бірақ, оларға түсіну қиын емес.

Элемент — деп химиялық қасиеттері бірдей атомдар түрін айтамыз. Атом — сол элементтер құралатын ең кішкене бөлшектер.

Әрбір химиялық элементтердің атомдары бір-бірінен өзгеше болады. Мәселен, темірдің атомдары қорғасынның атомдарынан өзгеше болады.

100 химиялық элемент ішінен 30 ға жуығы: алюминий, сутегі, оттегі, калий, кальций, темір, күкірт, азот, көміртегі, фосфор, хлор т. б. бізді қоршаған кеңістікте көп тараған.

Табиғатқа өң беруші, көркем түрге безендіруші, алуан түрлі шөптер мен биік ағаштар да, таулар мен теңіздер де, жер мен ауа да жануарлар мен жәндіктерде, адам күшімен салынған социализмнің алып құрылыстары да,

аспан мен таласқан зәулім үйлер де элементтен құралған. Осы журналды оқып отырған сенің өзін де 30 ға тарта элементтердің жыйынтығысың. Мысалы, профессор Д. Н. Ушаковтың редакциясының басқаруында шыққан түсінік беретін орыс тілі сөздігінде 85289 сөз бар, ал, толық академиялық сөздікте 200 мыңнан артық сөз бар. Осы сөздердің бәрі орыс алфавитының не бәрі 33 әрпінен тұратыны, Москвадағы В. И. Ленин атындағы мемлекеттік кітапханада 13 жарым миллион кітаптың осы кішкентай санды әріптермен жазылғаны қандай түсінікті, қандай шын болса, өздеріне химия сабағынан белгілі сутегінің екі атомы мен оттегінің бір атомының қосылысынан кәдімгі өзіміз күнде көріп, күнде ішіп жүрген судың тізілуі, ал, екі атом сутегінің екі атом оттегімен қосылысынан судың қасиетіне ұқсамайтын басқа зат — сутегінің асқын тотығы тізілетіні де сондай түсінікті, әрі күмәнсіз ғой.

Жоғарыдағы 30 ға жуық элементтердің осындай қосылыстарынан бір-біріне қасиеттері ұқсамайтын бірнеше миллион зат алуға болады және сондай заттар алынып та жүр.

60 қа жуық химиялық элемент: радий, рений, лантан, индий, неодим, алтын т. б. табиғатта, тау жыныстарында өте аз мөлшерде кездеседі.

12 химиялық элемент — технеций, прометин, астатин, франций, нептуний, плутоний, америций, кюрий, берклий, калифорний, афи-

ний және центурий табиғатта тіпті кездеспейді деуге болады.

Табиғатта кездеспесе олардың атомын қайдан және қалай алған?


Бұл элементтердің атомын орыстың данышпан ғалымы химик Д. И. Менделеевтің 1869 жылы жарыққа шыққан атақты еңбегі «Химиялық элементтердің периодтық системасына» сүйене отырып ғалымдар табиғатта кездесетін басқа элементтердің атомынан лабораториялық жолмен қолдан жасады. Сүйтіп қазір химиялық элементтер саны жүзге толды.

100 химиялық элемент ішінен қазіргі жай химиялық анализ бойынша адам организмінің составында 29 түрлі химиялық элемент бар екендігі мәлім болды.


Орта жастағы және орта салмағы бар адамның организмінде, шамамен айтқанда 40 килограмм оттегі, 20 килограмм көміртегі, 7 килограмм сутегі, 3 килограмм азот, 2 килограмм кальций, 1 килограмм фосфор, 200 грамм хлор, 175 грамм күкірт, 150 грамм натрий, 100 грамм калий, 75 грамм фтор, 50 грамм магний, 3 грамм темір, 3 грамм кремний, 1 грамм алюминий, 0,1 грамм иод, 0,0005 грамм мышьяк бар екендігі анықталды.

Осы айтылғандардан басқа химиялық анализ бойынша адам организмінде өте аз мөлшерде (тіпті жоққа тән) мыстың, қалайының, тінкенің, литийдің, бромның, ванадийдың, хромның және молибденнің бар екенін көреміз.

*К. Садуов*







# Абдылас фермаға барарды

Шүкірбек Бейшеналиев,  
Қырғыз жазушысы  
Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

Абдылас оқып отырған кітабын жыйнап, сыртқа қарай жөнеле бергенде, Айгүл қолындағы «Әліппесін» стол үстіне қоя қойып:

— Аға, қайда барасың? — деп жүгірген бойдан келіп қолынан ұстай алды. — Айтшы, қайда барасың? Бүгін демалыс емес пе? Мен «Шал мен аю» деген ертекті оқып берейін бе? Тындайсың ба? Жүр, орындығыңа, отыр, — деп Абдыласты қолынан тартқылай бастады.

Абдылас қарындасы Айгүлмен өте тату болатын. Абдылас бос кездерінде Айгүлдің үлбіреген жұмсақ шаштарынан сыйпап: қалқашым деп, қарт адамдарша еркелететін. Қаныш бәйбіше анда-санда келгенінде Айгүлді осылай деп сүйетін. Бұл сөздер Абдыласқа өте ұнайтын. Қарындасы да үйде ертелі-кеш жайланып отырғанда кішкентай жұмсақ қолын ағасының мойнына артып, бетінен, басынан сүйіп, әр нәрсені сұрай беретін.

Абдылас орындыққа отырысымен-ақ, қарындасы әдетінше оның мойны-басына жабыса бастады.

Абдылас Айгүлден алты жас үлкен. Қазір жетінші класта оқыйды.

Айгүл әкесі майданға кеткеннен кейін үш айдан соң туған. Быйыл бірінші класта оқып жүр. Ал, оқуға барғанан бері бұрынғы тентектігін тастаған. Кейде Абдыластың сабағын оқытпай, қағаздарын шашып, ертекей берші, мені ойнатсайшы деген әдеттерін қойған. Оның орнына сурет салып берші, менің оқығанымды тындашы, есебімді шығаруға жәрдемдесші, ертегілер кітабын тауып берсең — деп мазалаушы еді. Оқыған жеті

айдың ішінде жеңіл сөздерді жазып, кей кітаптарды оқып қалды.

Абдылас қарындасының шашынан сыйпап, дөп-дөнгелек кішкене көздеріне тесіле қарап: — Мен бір сөз айтып берейін, тындашы, — деді.

— Мақұл, аға, — деп ағасын сүйенген бойы тындап қалды.

— Сен енді екі жарым айда каникулға шығасың, мен сенен жыйырма күндей кейін шығам. Жаздың ысып тұрған кезінде үш ай дем аламыз.

Бармақтарын бір ашып, бір жұмып, бір нәрселерді есептегендей, Айгүл бір азға дейін үндемей тұрды.

— Япырау, көп қой. Әлі жетпіс бес күн қайда, — деп Айгүл шошығандай аузын томпитып ағасына тесілді.

— Әлі-ақ өтеді. Оқығаныңа алты жарым ай болмады ма?

— Япырай ә, онда ап-аз екен-ау.

— Тындасайшы, мен саған сөз айтып тұрмын ғой.

— Енді қыймылдасам бар ғой тіпті... бұдан кейін жек көр.

— Жаздың күні жайлау тамаша болады. Ауасы таза. Шаңы жоқ. Жерінің бәрі де құлпырған жасыл ала, неше түрлі гүл. Онда қымыз да, қаймақ та көп болады. Егер апам сауыншы болса, екеуміз де быйыл жайлауға барамыз. Ал, содан кейін көп-көп істерді істейміз.

— Шынымен-ақ барамыз, ә? Мен білемін. Түнде сен апама не дедің? Біз тарамай тұрып-ақ он шақты күнде сыйыр фермасына көшіп барамыз деп пе едің? Енді неге өтірік айтасың?

— Өтірік емес. Апам мақұл деген жоқ па. Басқарма жіберсе-ақ болды. Онда он шақты күнде-ақ бұл үйден көшеміз. Өйткені — осы

<sup>1</sup> «Алғыс» деген повестен үзінді.

март айының аяғынан бастап-ақ сыйырлар бұзаулай бастайды дейді. Сөйтіп екеуміз бұзауларды бағамыз.

— Керегі жоқ, баға алмаймыз, Мүйіздері қарағайдай, көздері қып-қызыл, таудай асыл бұқалар мені сүзеді. Мен Ақшеке бұзауласса, соның-ақ бұзауын бағам.

— Асыл бұқалар кісіге тимейді. Тез үйір болады. Ал, Ақшеке ең жақын дегенде, күзде бұзаулайды.

— Күзде бұзауласса да мейлі... Я асыл тұқым бұқалар неге сүзбесін, кісіні көргенде жер тарпып өкіре береді екен ғой. Ол тек үлкен кісіден қорқады; балалардан түк те қорықпайды. Одан гөрі апам қой бақса, жақсы болмай ма? Қозылар кішкентай, сүйкімді, жуас болады. Онда мен қозыларды көтеріп жүріп-ақ бағар едім. Сен қой қайтарысар едің.

— Мақұл! Оны апаммен сөйлесерміз. Қолхоздың бастығында жұмысым бар. Барып келейін. Сен сабағыңды оқып немесе қыздармен ойнап кел, жарай ма?

— Ойнамай-ақ қойдым. Дала балшық.

— Мен тез келем,— деп, Абдылас сыртқа шықты. Айгүл артынан жүгіріп барып құшақтай алайын деп ыңғайлана берді де қайтадан тоқтай қалды.

Ала сапыранның уағы болғандықтан, еріген қар суы жолдың арнасымен ағып балшық болып жатқан.

Абдылас қыртысты тың жерлерді абайлай басып, колхоздың кеңсесіне қарай бет алды.



Кеше кешке апасына айтқанда, ә дегенде ұлының тілегіне көнбеген. Бір аздан кейін ойланып, баласы оның малға баруына өте тілектес болғандықтан, сағын сындырмайын деді ме, жоқ шынымен өзі көңілденді ме:

— Бір жұмысты тастап екінші жұмысты бер деп басқармаға баруым дұрыс болмайды ғой, балам... Солар ұйғарып бар десе, барайын. Сенде үлкейіп қалдың,— деген.

Абдылас жатқаннан кейін ойлана келіп, ақырында басқармадан не де болса өзім барып сұрайын деген қортындыға келген.

Председатель Абдыласты көрген жерде «екпіндім» деп еркелететін. Оның себебі: Абдыластың пысықтығынан, сабақты жақсы оқығандығынан, колхозға да екі жылдан бері жаз кезінде жолдастарымен бірге жақсы көмектескендігінен болатын.

Қарсы алдынан апыл-құпыл шыға келген Қасым, асып-сасып сәлемет пе, Абдылас, қайда барасың? — деп оң қолын жоғары көтеріп пионерлік сәлем берді!

Абдылас та қолын жоғары көтеріп қайта түсірді.

— А өзінше? Мен апам жайында басқармамен сөйлесейін деп барамын.

— Бопты. Атамның звеносының мүшелері егіске ақырғы жер тынайтқышты тасып тегіп жатыр. Соларға жәрдемдесейін деп барам. Жұмысың біткенде сен де кел, жарай ма? — деді Қасым кетіп бара жатып.

— Жарайды. Басқармадан шығысымен барамын,— деп Абдылас артына бір қарап алып, алға аттады. Колхоз басқармасының есігінің алдына келіп ол бір аз тұрып қалды. Бір аздан кейін есікті жалғыз саусағымен шерте бастады.

— Ұлықсат,— деген председателдің таныс даусы естілісімен есікті шалқасынан ашып кіріп барды да, колхоздағы қарт адамдарша — ассалаумағалайкум — деді.

— Уағалайкумәссалам, кел, екпіндім,— деп председатель жымия күлгенде, үлкен көздері бажырайып, бурыл шалған ұзын мұрты екі құлағына жете түскендей көрінді.

Сырттан қанша бекініп кірсе де, председателдің жанында отырған директор ағайы Керімқұлды көрген кезде: ассалаумағалайкум деп байқамай айтып жіберіп, оқушылық ережені бұздым деген ой келіп, бала екі беті албырап қызарып кетті.

Қаз-қатар қойылған орындықтар тұрса да, ол бөркін қолына алып тұрып қалды.

Керімқұл Абдыластың ұялғанын сезе қойып: — кел, отыр деп жанынан орын көр-

сетті. Орындыққа барып ақырын отырысымен ағайы әдетінше оның маңдайынан сыйпап:

— Қане, Абдылас, қандай жұмыспен келдің? Айта ғой! — дей бастап еді, колхоз председателі жарыса сөйлеп кетті.

— Тартынбай айта бер. Мектеп оқушылары ашық, өткір болмай ма?

Абдылас енді ғана батылдана түсті.

— Ағай, энеугүнгі істі Жүкемнен сұрайын деп келіп ем. Апама айтсам, өзім пәлен іске барам дегенім дұрыс болмас... Оның үстіне бізде киіз үй де жоқ дейді деп, апасының түндегі сөздерін түгелдей айтып берді. Баланың пікіріне көңіл қойып тыңдап отырған Жұма Абдыластың ойын анық түсінді де, бағанадан бергі сөйлесіп отырған ісінің болашақ нәтижесі жөнінде ойланды. Жұма сөйлемеген соң Керімкұл да үндемеді.

Бір аздан кейін ғана Жұма қарсы алдындағы жас балаға сеніммен қарап:

— Қош, екпіндім, сен бұған ризасың ба?

— Я. Энеугүні ағайға өзім уәде бергенмін.

— Онда сен демалысқа шыққаннан кейін апаң сауған сыйырлардан алынған сүт-майының есебін жүргізуге де жәрдемдесесің. Бұзауларды да бағасың. Осы істерді атқара аласың ба?

— Сөзсіз атқарам. Жетінші класты бітіргенде бір сауыншының есебін жүргізе алмай маған не бопты. Сыйыр фермасындағы малшыларға Роза, Ақай, мен болып күнделікті жаңалықтарды газет-журналдардан оқып беріп отырамыз. Мал бағуды мен жақсы көремін. Бұзауларды туған күндерінен бастап қамқорлыққа аламын: жайлаудан ботаника сабағына керекті гүл және дәрі-дәрмектік шөптерді де жыйнаймыз. География сабағына керекті нәрселерді де жазамыз, — деп Абдылас ойындағыларының бәрін айтты.

Өз мектебі оқушысының маңызды сөздерін тыңдап отырған Керімкұл Жұмаға бұрылды. Абдыластың жаңағы сөздері көңілін толқындатып жіберді.

— Меніңше жаңағы келісімі дұрыс қой, Абдыластың тілегін орындау керек. Жұма біраз ойланғандай боп отырды да, сөзге кірісті.

— Бопты, екпіндім, біз пионерлерге сенеміз. Олар қолдарынан келген жұмыстарының бәрін де атқарады, шыншыл болады. Сендер, колхоздың досысындар. Жаңа ғана біз осы іс туралы келісіп отырғанбыз. Апаңмен өзім сөйлесемін. Басқарма мүшелерімен келіскенбіз, үй жағы колхозда бар. Көшіп-қонула-



рыңа сыйыршылар көмектеседі. Уәде осындай, түсіндің бе?

— Рахмет, Жүмеке, рахмет ағай, — деп Абдылас қуанып есікке қарай жүрді.

\* \* \*

— Балам, бұл пікірің бір жағынан пайдалы болды. Мал төлдеген кезде ғана қыйналмасак, одан кейін қыйналмаймыз. Мені Ақайдың әкесіне бекіткені тіпті жақсы болған. Ол кісі де елу буаз сыйыр бар екен. Маған сегіз буаз сыйырды бекітіп берді. Алшайған үлкен тарғыл сыйырды көрсетіп: бұл — Аққасқа осы айдың аяғында бұзаулайды. Қалғандары он бес, жыйырма күнге барады. Осындай аласапыран уақытта малдың төлдеуі адамды жүдетіп тастайды. Өздері де жүдейді. Сыйырларыңды танып ал, біреуі ғана қысыр құнажын, қалғандарының бәрі ересек сыйырлар. Көшіп келгенінше өзім көздеп жүрем. Сыйырлар бұзаулаған уақытта ғана аздап тыныштарың кетеді. Одан кейінгі істерің сүт, май алу, бұзау бағу болады, — деп мені ол көп істермен таныстырды, — деп Бұрма апай баласына мейірімді жүзбен қарады.

Бағанадан бері бар ынтасымен тыңдап отырған Абдылас апасына:

— Қашан көшіп келемін дедің, үйдің жайы не болды? — деп өзін үйдің иесіндей сезіп апасының ажарлы жүзіне күлімсірей көз тастады. Бұрма да ұлымен сөйлескенде үйдің иесімен ақылдасып тұрғандай болатын.



## Сахиб Синг Сокхей

Осы бір қадырлы есімді қазір бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік сүйгіш халықтар зор құрметпен атайды. Оны бейбітшілік жолындағы жалынды күрескер деп біледі.

Сахиб Синг Сокхей — Индия парламенті штаттары советінің мүшесі, ғалым-микробиолог, профессор, медицина қызметінің генерал-майоры, бүкіл Индиялық Бейбітшілік Советі президентінің орынбасары, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі. Енді оған «халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлық берілді.

Таяуда Индияның астанасы Дели қаласында американ-пакистан әскери одағына қарсы көп адам жыйналған митинг болды. Осы митингке Сахиб Синг Сокхей де қатысты: «Сіздердің бейбітшілік жолындағы адал қызметтеріңіздің арқасында ғана, — деді ол сол митингте сөйлеген сөзінде, — мен ұлы награда ие болдым. Бүкіл адамзаттың жарқын болашағы таяу бізге. Совет Одағы мен Қытай халықтарының бейбітшілік жолындағы қажымас күресі бізге бейбітшілік орнатады, оны Индия халқы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік сүйгіш халықтар қолдайды».

Синг Сокхей 1887 жылы туған. Мамандығы жағынан дәрігер. Жас кезінде Англияда, Канадада, Америка Құрама Штаттарында болған, оқыған, қызмет істеген. Соңғы жыйырма бес жылдан бері ол Индиядағы Хаффкин ғылыми-зерттеу институтының директоры.

Сокхей Кореядағы американдардың тағылық әрекетіне қарсы үн көтерген Индия ғалымдарының алдыңғы сапында болды.

Ол Будапештегі Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясына Индия делегациясын бастап барды. Сессияда шығып сөйлеген Сокхей халықаралық даулы мәселелерді бейбітшілік жолымен келісіп шешу керектігін ұсынды.

Соғыс пен өлім жойылсын! Бейбітшілік пен өмір жасасын! Міне, Сахиб Синг Сокхей осы үшін күреседі.

*Қ. Хамитов.*

— Сыйырлар тегіс бұзаулап біткенше қора маңында боламыз. Майдың бас кездерінде сыйырлар, түгел бұзаулайды. Басқарма Орозобек кірген үйді босаттырып беретін болды. Ертең барып ақтап келем. Орозобек сендер жағындар деп жыйған отынына да тиген жоқ. Тауға көшерде киіз үй береміз, — деді. Сендер оқудан босаған күннің ертеңінде Орозобек колхоздан екі арба әкеп, көшіріп әкетпек болды.

— Өте жақсы болды емес пе! Сені көнбейді ғой деп қорқып едім, — деп, Абдылас апасының бетіне бетін тигізіп мойнынан қатты-қатты қысып еркелей кетті.

— Қуатым, сенің сағынды сындырмаймын, — деп Бұрма апай ұлының тамағынан иіскеді. Бұларды көріп ызалана түскен Айгүл орындыктан секіріп түсіп, апасының алдына отыра қалды да: «ой, өтірікші, сауыншы болмаймын демеп пе едің? Айтшы? Неге өтірік айтасың? Неге алдайсың?» — деп апасынан жауап күткендей тесіле қарады.

— Ағаң барамыз деп жатқан жоқ па. Оның үстіне басқарма да ұйғарып қойыпты.

— Апатай, айтшы? Барғанда асыл бұқа мені сүзбей ме?

*Мирсаид Миршакар*

## АХМЕТ ҚАЛАЙ САНАЙДЫ

Ахметке қойдым сұрақ:

— Білесің бе санауды сен? —

Кідірместен берді жауап:

— Менде есептен бестік кілең?

Әрине оған сенем әбден,

Сонда да бір тексерген жөн.

Сұрап алдым алдын-ала:

— Екі де екі қанша, бала?

Екі жеңін жымыңқырап,

Жымыйды да маған қарап:

— Қанша болмақ екі де екім?

Төрт емес пе екі де екің!

— Айтшы, қанша төрт жерде төрт? —

Бөлме іші тынды кенет.

Ахметім түйіп қабақ,

Ойланады, тоқталады.

Ол күмілжіп берді жауап:

— Онда өте көп болады!

Аударған Ө. Жайлауов

— Сүзбейді. Жалкау, тентек балаларды ғана анда-санда қорқытып қояды,— деді Бұрма жымыйып. Айгүл апасының қалжынын шын деп түсінді.

— Мен жалкау емеспін, екпіндімін. Сабактарымның бәрінен «4» пенен «5» алып оқыймын. Мені сүзбейді, я?

— Сен ұдайы осылай оқысаң сүзбейді.

— Мақұл онда. Оқуға алыс жерден қалай келеміз?

— Аған, Ақай, Роза, Қары және басқа көп балалармен келесіңдер. Сыйыр қорасы мектепке бір жарым километр ғана емес пе?

— «Менде қосылдым» дегендей Айгүл өзінше бірденені күбірлеп үндемей қалды. Оның томсырайған жүзінде балалық мінездер байқалып тұрды.

Абдылас пештің аузын ашып, қызыл жалын шашып лаулап жанып жатқан оттың үстіне қысқа-қысқа жарылған қарағай отынды тастап қойып, орнынан қарғып тұрды да: мақсат орындалды,— деді айғайлап.

Бұрма апай мен Айгүл Абдыласқа қарасты.

Қырғызшадан аударған.

С. МҰҚАМЕТЖАНОВ

## БІР БАЛА


Бір үйді өттім жағалап,  
Мәуелеген бақшалы.  
Су шашып, бағын аралап,  
Бала жүр үш-төрт жастағы.

Келдімдағы қызығып,  
Бір гүлін үзіп алып ем,  
Қадады бала көзін тік,  
Жалт еткен отты жалынмен.

— Сұраусыз өтіп бақшама,  
Гүлімді неге үзесіз!?  
Ұялтты мені жас бала,  
Қысылсаңыз білесіз.

Баланың көрдім жүзінен,  
Келешектің өрнегін:  
Құрметтей білер өзінің,  
Достардың да еңбегін.

Тұрап АИДАРОВ.



## Пабло Неруда

Осыдан дәл отыз жыл бұрын «Махаббат туралы жыйырма өлең және ашыну туралы жалғыз жыр» дейтін шағын кітапша басылып шықты. Бүкіл дүние жүзіндегі әдебиет танымын дегендерден ол кітапшаны ауызға алмағаны аз еді. Бірақ Чилидің Темука қаласында тұрып, Пабло Неруда деген жасырын атпен өлең жазып жүрген Нефтали Рекардо Рейесті ол кезде қанық білетіндердің саны санамалы ғана болатын. Ол карта бетіне көп түсе бермейтін Парраль қаласында туды.

1936 жыл. Фашистер қоршауындағы Мадрид көшелерінде торыққан ана, шырылдаған бала үнінен азаттықты аңсау жырының сарыны естілгендей еді. Сол қаладағы Чили елшісі дипломаттық қызметті жыйып қойып, халық қасіретін өлең жолдарына түсіріп жатты. Бұл Пабло Неруда болатын.

Ұлы Отан соғысының екінші жылы Сталинград көшелерінде сұрапыл шайқас жүріп жатты. Мехико қаласындағы жыйынның бірінде Чили елшісі өлең оқыды. Келесі күні сол өлең үлкен плакат болып басылып көшелерге ілінді. Бұл елші де Пабло Неруда еді, өлеңі — «Сталинградты сүю жыры» болатын.

1943 жылы Чилиде сенат сайлауы өтті. Шахтерлар Пабло Неруданы сенатор етіп сайлады.

1949 жылы ол Атлант теңізінен жасырын өтіп, Париждегі Бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік бірінші конгресіне келіп сөз сөйледі. 1950 жылы Варшава конгресінде «Орманшы да оянар» дейтін поэмасы үшін Пабло Нерудаға халықаралық бейбітшілік сыйлығы берілді. Ақын ол поэмасында Америка соғыс құмарларын әшкереледі.

1953 жылы Пабло Нерудаға Сталин атындағы халықаралық бейбітшілік сыйлығы берілуін бүкіл прогресшіл адам баласы зор қуанышпен қарсы алды. Пабло Неруда — бейбітшілік пен азаттықты аңсағандардың ең сүйікті ақыны.

Қ. Елемесов

# Жас натуралистер

Жас натуралистер станциясының меңгеруші зоолог Ольга Николаевна Гамзина жолдас үйірме мүшелерінің баяндамасын оқып отыр.

Жас зоологтер баяндамаларының тақырыбы да, қамтыған мәселелері де әр түрлі. Үйірме мүшелерінің кей біреуі құстардың тіршілігі мен өсу жолдары туралы жазған. Енді біреулері құстар мен жануарлардың пайдазьяндығына тоқталған.

Үйірме мүшелерінің баяндамаларын Ольга Николаевна екі топқа бөлді.

— Мына баяндамалар 4-орта мектептен келетін пионерлерге оқылады, — деді де баяндамашылардың фамилияларын атап өтті.

— Ольга Николаевна, біз ше? Әлде біздің баяндамамыз нашар жазылған ба? — деген үйірме мүшелерінің даусы жан-жақтан шығып жатты.

— Жоқ, жаман емес, бәрі де жақсы. Қала мектептерінің оқытушылары бізге бүгін ғана емес, әрқашан келеді. Ертең 7-мектептің оқушылары осында болмақ. Сендер сонда оқысыңдар.

Бүгін баяндама жасайтын үйірме мүшелері жазғандарын оқып шығу үшін өздері күтетін құстар мен жан-жануарлар тұрған клеттерге қарай беттеді.

\* \* \*


4-мектептің пионерлері жас натуралистер станциясының қақпасынан ішке кіргенде маңадан сыртта тұрған үйірме мүшелері оларды жылы жүзбен қарсы алды. Мектеп пионерлері көп екен. Олар екіге бөлінді. Бір тобы жас энтомологтер жыйнаған әртүрлі коллекциялармен танысуға, диафильм көруге кетті.

Екінші тобы құстар, жан-жануарлар тұрған бөлмелерге енді. Күні бұрын тапсырылған жұмыс бойынша Мұрат Бекшентаев пионерлерге жыландарды, қояндардың түр-түрін, дала және орман торғайларын, жабайы және үй, почта көгершіндерін, қамыста, сазда, суда, таулы жерлерде өсетін құстарды, тышқандар мен егеу құйрықтарды, кірпілерді жеке-жеке көрсетіп шықты.

Баяндама басталды. Сөз аққұтанды күтуші Валерий Гражданкинге берілді. Ол аққұтанның ерекшелігіне, өсу жолдарына тоқталды.

Аққұтан өте үлкен құстардың бірі. Оның биіктігі бір метрден асады. Тұмсығы да ұзын.

Құрғақта да, суда да жүре береді. Ұшқанда қанаттарын асықпай жайбарақат қағады. Аққұтан қолға үйренуге өте бейімді құс. Адамға тез үйренеді. Егер асыранды аққұтанды далаға жіберсең, ол кешке қарай үйге қайтып оралады. Мынадай жағдайларда бо-



лады: егер күз айларында осы құсты далаға жіберсең, ол аққұтандардың жылы жаққа ұшуға жыйналатын жерін тауып алады. Егер аққұтан сол құстармен жылы жаққа ұшып кетсе, келесі жылы қайтқанда тура үйге келеді. Асыранды аққұтан тек үй иесіне ғана емес, сол үйдің малына да тез үйренеді. Малмен бірге далада да жүре береді. Құстың бұл түрін Қазақстанда Амудария өзенінің бойларынан іздестіруге болады.

Аққұтан балықтармен, бақалармен, кесірткелермен, кірпілермен және басқа да жәндіктермен тамақтанады.

Валерий баяндамасын нақтылы мысалдармен ұштастыру үшін аз кідірді де, бір оқығаны есіне түсірді.

... Жаздың ыстық күндерінің бірі еді. Зоология үйірмесінің 4 мүшесі Ольга Николаевнадан аққұтанды Ертіс өзенінің ортасындағы қалың ағаштары бар аралға апарып серуендетіп келуді сұрады. Тәжрибелі зоолог аққұтанның балаларға үйренгенін байқамақ болып, оларға рұқсат етті.

Балалар ақ құсты қайықтың дәл ортасына қойып, аралға алып шықты.


Жас натуралистер аралды аралап көп жүрді. Бірақ олардың көздеріне не кірпі, не жы-

лан, тіпті тышқан да түспеді. Олар үлкен бір жолдың түбіне келді де, аздап кідірді. Акқұтанды шөптің арасына қарай жіберіп, біреуі оның аяғынан байлаған жіптің бір ұшынан ұстап тұрды. Құс шөпті аралады. Аласалау өскен бір түп бұтаның түбіне қарай жақындайын деп еді, жіп қысқа болғандықтан бара алмады. Оны сезген балалар құсқа қарай жақындай түсті. Акқұтан алға қарай тез басып жүрді де, ілезде тұмсығын бұта түбіне жүгіртіп жіберді. Валерий жіпті жалма-жан кейін қарай тартып еді, құс алға қарай ұмтыла берді. Жас натуралистер бұта түбіне келіп, құс не көрді екен деген оймен іздей бастады.

— Эне, жылан, жылан,— деп біреуі айғайлап жіберді.

Валерий бұтадан өте алмай тұрған акқұтанды жалма-жан жыланның үстіне қарай лақтырды. Құс жыланың үстіне төніп келді, басын екі-үш рет қатты-қатты шұқып жіберді де, әлсіреген жыланды жұта бастады...

Баяндамашы мұнан кейін акқұтанның өз ұясын жуандығы адамның саусағындай кебу және жас ағаштардан жасайтынын, оның ішкі екінші қабатына қамыс, қурай, жас шыбық қоятынын, ұялары көп жылдар бойы бұзылмайтынын айтып берді.



— Акқұтандардың тағы бір ерекшелігі мынада: күз айларында, құстар жылы жаққа ұшатын кезде, сол маңдағы барлық акқұтандар бір жерге жыйналады. Олардың қатары күн сайын көбейе түседі. Әбден жыйналып болған соң барлығы аспанға көтеріледі. Өскен жерін қыймай оны бірнеше рет айналып өтіп, ыстық жаққа қарай кетеді.

\* \* \*

Әнгіме натуралистер станциясындағы құстардың бір түрі кіші ақпақ туралы болды.

Қлетка ішіндегі қамыс арасынан құс көрініп тұр. Оның сыртқы көрінісі кепкен қамысқа өте ұқсас. Тіпті станциядағы құстармен жан жануарлардың түрлерін байқауға келген адамның оны көрмей өтіп кетуі де ғажап емес.



— Бұл қамыс құсы,— дейді баяндамашы Эдик Циханский. Ол ақпақтың кейбір ерекшеліктерін, тіршілігін айта бастады.

— Ақпақ өте сақ құс. Ол өзін адамға көрсеткісі келмейді Егер оқушылар оның жанынан 1-2 метр таяу өтсе, ол ұзын мойны мен тұмсығын тіп-тік көтеріп, тұра қалады. Бұл уақытта оны қамыстан ажыратып болмайды. Аңшылар оны көрмей өтіп кетеді.

— Ақпақ өте шақар құс. Ол өзінің әлі келетін құстар мен жәндіктер кездесе, өлтіріп тастауға тырысады. Ол балықпен, су тышқандарымен, жыланмен қоректенеді. Түнде ұшады. Эдик құстың басқа да көптеген ерекшеліктеріне, тіршілік және өсу жолдарына тоқталды.

Жас натуралистер станциясының мүшелері Ростовцов пен Майданюк қояндардың түрлері, станциядағы бүркіт, қаршыға және басқа да жыртқыш құстар туралы баяндама жасады.

Мектеп пионерлерінің екінші тобы натуралистер станциясындағы энтомология үйірмесі мүшелерінің жаз айларында жыйнаған әртүрлі коллекцияларын көрді. Онда олар көбелектердің түр-түрлері, ауыл шаруашылығына зиянды қоңыздар туралы баяндама тындады. Баяндама сонынан мичуриндік агро-биологиялық ғылымның табыстарын баяндайтын диафильмдер көрді.

**Өмірбек Смағұлов**

Семей қаласы.

# Картопты шаршы ұялап отырғызу тәсілі

Картоп — халық шаруашылығында үлкен маңызы бар бағалы дақылдың бірі. Ол дәнді дақылдарға қарағанда әр гектардан құрғақ затты, оның ішінде крахмалды, шамамен алғанда, үш есе артық береді. Картоп қыс пен көктемде адамға керекті «С» витаминінің негізгі қоры болып табылады.

Картоп малға азық та болады. Ірі қара мал мен шошқа үшін ол құнарлы жем. Құрғақ калпында оны басқа малдарға жүгері, арпа және сұлы орнына беруге болады. Сонымен бірге картоптан — крахмал, спирт, синтетикалық каучук және тағы басқа сол сыяқты көптеген өнеркәсіп продуктылары өндіріледі.

Осындай бағалы өнімнің молшылығын жасау мақсатымен Совет Одағы Коммунист Партиясының Орталық Комитеті сентябрь пленумы картоптың өнімін арттыруға бағытталған бір қатар шаралар белгіледі. Олардың ішіндегі ең бастысы картопты өндруді механикаландыру ісін кеңінен қолдану болып табылады.

Картоп — күтім талғағыш дақыл. Бұрын картоптың топырағын тыңайту, қопсыту, арам шөбін отау, шабықтау қолмен істеліп, колхозшыларды қыйнап келді. Осы кезде басқа шаруашылықпен шұғылданған колхозшылар картоп егісінің көлемін молайтқанымен, оны дер кезінде өндеп үлгері алмайтын. Бұл жағдай картоптың өнімінің төмендеуіне ұшырататын.

Москва облысы колхозшылары дәлелдеген картоп отырғызудың жаңа тәсілі оны бастаудың негізгі жұмыстарын механикаландыруға — колхозшылардың еңбегін жеңілдетуге, бұл дақылды өндеуге жұмсалатын жұмыс күшін азайтуға және картоп өнімін молайтуға мүмкіндік берді.

Картопты отырғызудың жаңа тәсілі шаршы ұялау әдісі деп аталады.

Картопты шаршы ұялап

отырғызудың кәдімгі қатарлы отырғызудан қандай артықшылығы бар?

Әдеттегі тәсіл бойынша, егіс даласындағы картоп қатараралық мөлшері 60—70 сантиметр, ал, аралық мөлшері 30-40 сантиметр болып отырғызылатын. Картопты былай отырғызғанда топырақты өңдеу (трактормен немесе ат жегілген машиналармен) тек бір ғана бағытта (қатараралық бағытта) жүргізілетін. Мұндайда арам шөп қолмен оталып және шоғырлар арасындағы топырақ қолмен, кетпенмен қопсытылатын.

Шаршы ұялау әдісі бойынша егіс даласы бір келкі тегістеледі. Содан кейін плугпен тереңдігі 18-20 сантиметр отырғызу бороздалары жыртылады. Отырғызу бороздаларында көлденеңінен маркер жүргізіледі, бұл тереңдігі 5-6 сантиметр көлденең бороздалар тартып, егіс даласын тең 70×70 сантиметрлік шаршыларға бөледі. Екі борозданың осындай айқыш-

ұйқыш түйіскен жерінде кейін қолмен картоп отырғызылатын ұя пайда болады. Ұяға орта есеппен картоптан екі-екіден, ал жақсы тыңайтылған топырақта үш-үштен картоп отырғызылады. Отырғызудың мұндай тәсілі бойынша бір гектар жерге 20-21 мың ұя, яғни бір ұяға екеуден отырғызу есебімен 40-42 мың түп немесе бір ұяға үшеуден отырғызу есебімен 60-63 мың түп орналасады.

Картопты арнаулы машинамен отырғызғанда егіс даласы маркерленбейді. Картопты шаршыға отырғызу ісін машинаның өзі атқарады.

Картопты механикаландырылған жолмен отырғызғанда тұқым іріктелініп алынады. Әр картоптың орта салмағы, шамамен 50-60 граммдай болуы тиіс.

Егіс даласында өсімдіктерді шаршы ұялап орналастыру трактордың немесе атқа жегілген машиналармен арам шөп отауды, қатараралықты қопсытуды және өсімдікті шабықтауды бұрынғы аралық тәсілдегідей бір бағытта емес, екі бағытта, яғни айқыш-ұйқыш жүргізуге мүмкіндік береді. Егісті бұлай айқыш-ұйқыш өндеу картопты баптаудағы жұмыс күшін едәуір азайтады.

Арнаулы машина топырақты тереңірек өңдейді яғни сапасын арттырады. Шаршы ұялау тәсілі минералдық және органикалық тыңайтқыштарды тура ұяға түсіреді, осыдан келіп өсімдіктер тыңайтқыштарды үнемі және тиімді пайдаланады.

Шаршы орналасқан өсімдіктер тамырымен де, ауа арқылы да жақсы қоректенеді, мұндай жағдай картоптың өнімділігін арттырады.

Картопты шаршы-ұялап отырғызу ісі еліміздегі барлық колхозда жүргізілетін болады. Бұл әдіс елімізде картоп қорын молайтады.

**А. П. Шикина,**

Биология ғылымдарының кандидаты.



Картоп „СГК-4“ машинасымен шаршы ұялап отырғызылған учаскоkte қатараралықтарын өндеу.



# Жаңа КІТАПТАР



## А. С. Макаренко

«Балаларға шын махаббатпен беріліп, жалындап жанған, балалар алдындағы өзінің жауаптылығын жете түсінген жаңа типтегі педагог».

Міне, бұл сөзді ұлы жазушы А. М. Горький тамаша педагог, жазушы А. С. Макаренко жөнінде айтқан болатын.

А. С. Макаренко бұдан 15 жыл бұрын, 1939 жылы 1 апрельде, қайтыс болды. Ол өзінің барлық өмірін жас ұрпақтарға коммунистік тәрбие беру ісіне жұмсады. Тәрбие ісіндегі ескі әдістерді жоюда табандылықпен күресіп, коммунистік тәрбиенің жаңа әдістерін жасап шығарды.

А. С. Макаренконың балаларды тәрбиелеудегі негізгі әдісі баланы сүйе және жақсы көре білуден басталады. Ол әруақыт балаға сүйіспеншілікпен қарап, оның жақсы жағын баса көруді үйретті. Сондықтан да, А. С. Макаренконың тәрбиелік жүйесінің негізі — «Қаншалықты адамды көп сыйлай білесің, соншалықты оған қатаң талап қоя білу» еді.

А. С. Макаренко жастарды шыншылдыққа, адалдыққа, коллективтікке, ұйымшылдыққа, белсенділікке, сын мен өзара сынға тәрбиеледі. Ол тек коллективтік еңбек қана адамдар арасында дұрыс адамгершілік қарым-қатнас жасайды, тек еңбек тәрбиесі адамды жан-жақты дамытады деп көрсетті.

Озат ойлы педагог семьядағы тәрбиеге көп көңіл бөлді. Осы мақсатпен ол «Ата-аналарға арналған кітап» жазды.

А. С. Макаренко еңбектері мен өмірі совет балаларына коммунистік тәрбие беруде оқытушыларымызға үлкен көмек көрсетеді.

Х. БЕКТЕНОВ.

### «ЖЕТКІНШЕКТЕР»

Жазушы Сапарғали Бегалиннің «Жеткіншектер» атты жаңа әңгімелер жыйнағы балаларға арналған. Бұл әңгімелерде совет балаларының қуанышты, қызықты өмірі жан-жақты суреттеледі. Мұнда мектеп бағында ағаш өсіруші жас мичуриншілер Ерден мен Темірдің достығы да, асыранды кірпісінің жылан өлтірген өнеріне таң қалған Есен де, жас шеберлер — пионерлер де, жазда колхоз жұмысына көмектесіп шөп шауып жүрген балалардың ерлік істері де тартымды жазылған. «Алданған жолбарыс» деген ұзақ әңгімеде жазушы колхоз аңшыларының жолбарысты қалай соққанын айтады. Бұл әңгімені оқып шыққан әрбір пионер: — «Сейіттің орнында өзім болсам қайтер едім», — деп ой сарпайтын даусыз. Колхоз малының аса жыртқыш жауын шеберлікпен қолға түсіріп алған аңшылардың



ерлігі — әрбір пионерді жүректілікке, батылдыққа үндейтін ерлік. Жыйнақта жоғарыда айтылғандармен қатар, «Жас шеберлер», «Машинист», «Будан», тағы басқа қызықты әңгімелер бар.

С. Жумағалиев



### «БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘНГІМЕЛЕР»

«Ет тістеген бір ит өзендегі тақтай көпірдің үстімен келе жатыр еді. Суда өзінің көлеңкесін көріп, бұл да ет әкеле жатқан ит қой деп ойлады да, аузындағы етті тастай беріп, судағы итке тұра ұмтылды, онда ет атымен жоқ еді, сол кезде оның аузынан түскен етті толқын ала жөнелді.

Сөйтіп, ит еттен құр қалды».

Міне, орыстың ұлы жазушысы Л. Толстойдың қазақ тілінде шыққан «Балаларға арналған әңгімелері» осындай мысалдан басталады. Бұл жыйнаққа көп аңыз-әңгімелер кірген. Кітапты оқып отырып әрбір оқушы түлкінің маймылды қалай ақымақ қылғанын, арыстан мен иттің достасқанын, теңізшілердің балаларды ақуладан қалай құтқарып алғанын, тағы басқа әртүрлі қызық оқиғаларды біліп сүйсінеді. Өмір тәжірибесінен алынған бұл мысал-әңгімелер әр оқушыға тәрбие беріп, ақыл қосады, балаларды достыққа, адалдыққа үйретеді.

Кітаптың тілі жеңіл, өте тартымды.



## Қырағылық

Үйлері теміржолдың сыртында тұратын 3-класс оқушысы Қайыржамал Ордабаева өзімен бірге оқыйтын Әминаш Жетпісова, Тыйышжан Мақатова, Жібек Біләловалармен бірге темір жолға келіп жетті.

Қайыржамалдың әкесі Қабдыш Ордабаев — 1935 жылдан үзбей қызмет істеп келе жатқан тәжірибелі теміржолшы. Қазір ол Қарағанды темір жолы 5-жол бөлімшесінің Жаңарқа станциясында кондукторлар резервінің аға нұсқаушысы болып істейді. Қайыржамалға әкесі үйде отырғанда темір жолдың техникалық қауыпсыздығы, белгі берудің (сигнализация) шарттары, келе жатқан поезды станцияның қалай қабылдайтыны, стрелка байқаушысының міндеттері, жол қызметшілерінің қырағы болуы қажет екендігі жөнінде өз тәжірибесінен көптеген әңгімелерді қызықты етіп айтып беріп отырушы еді. Әкесінің ісі құлағына жастайынан сіңген Қайыржамал семафордың ашылуынан поездің қай путьке алынатынын, поезд станцияға қанша жылдамдықпен келуі керектігін жақсы білетін және жолдың ақауы жоқ па деп көз сала жүретін. Сол әдетімен ол бүгін де семафорға қарады. Оның бір қанатының көтеріліп тұрғанынан

поезд екінші путьке қабылданыптынын біліп, жолдастарына:

— Осы келе жатқан поезд қай путьке қабылданады, білесіңдер ме? — деді.



— Оны білудің бізге қажеті қанша? — деді Тыйышжан.

— Сеніңше «движениеден» ештеңе білмеу керек пе?! Жаңа мұғалім теміржолшының балалары

қандай болу керек деп еді?.. дей берді де Қайыржамал тоқтай қалды. Ол поезд қабылдайтын путьтың бір жақ рельсі жарылып кеткенін көрді.

— Мынаны кара! Тоқтандар! — деп, қатты айғайлап жіберді ол. Оның көз алдына келе жатқан поездің бұл арадан өтсе құлайтыны елестеп жүрегі қатты соқты... Сумкасын Әминашқа бере сап, № 2 будка жанында жүрген стрелка байқаушы әйелге қарай ұшты.

— Апатай,— деді алқынған бала,— жүріңіз...

Осы уақытта екпін жер солқылдатқан ауыр салмақты поездың алыстан қарауытып, түтіні көріне бастап еді.

Стрелка байқаушысының көзі шарасынан шығып, Қайыржамалды ерте Әминаш тұрған жерге қарай жүгірді. Келсе баланың айтқаны рас, рельс ортасынан үзіліп кетіпті. Стрелка байқаушысы балалардан да әрі есі шығып, қайтадан будкаға қарай ұшты. Ол болған жайды станция кезекшісіне хабарлап, семафорды жапты. Бұл сәтте ССРО Жоғарғы Советі сайлауы құрметіне графиктен бұрын келген № 1262— ауыр салмақты поезд семафор түбіне тоқтап, қос паровозы жолды босат деп кезек-кезек жер-дүниені жаңғырықтыра айғайлап тұр еді. Алыс сапардан ауыр жүк әкеле жатқан алыптарды қабылдауға семафордың екі қанаты бірдей қайтадан ашылды.

Сөйтіп, 1954 жылдың 3-февралі күні Жаңарқа станциясындағы 175-қазақ жетіжылдық мектебінің 3-класында оқыйтын 2 отрядтың пионерлері Ордабаева мен Жетпісова ауыр салмақты поезды апаттан аман сақтап қалуда үлкен қырағылық көрсетті.

Асан Жұмаділдин

Жаңарқа.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».


Подписано к печати 19/III 1954 г. УГ03186. Бум. 84×108<sup>1/16</sup> — 0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 20 000. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 386.





## Шахмат

Осы номерден бастап, біз жас шахматшыларға арнап шахмат есептерін беріп отырамыз. Бөлімді Е. Браун басқарады. Балалар, сендер мына тактада көрсетілгендей фигураларды қойып, есептің шарты бойынша шешіңдер. Жауабын редакцияға жіберіңдер. Мына есепте ойынды ақ жағы бастап, екі жүрісте мат қоюға тиіс.



## Жұмбақтар

1

Көресіңдер мені бәрің  
Сәулесін күн төксе жерге.  
Бірақ мені ол көрмеді әлі,  
Көргенім жоқ күнді мен де.

2

Үйлері көп,— емес жерде  
Кейде 3-4 үй бір тіреуде  
Жаз жайлайды, күз көшеді  
Айғай шумен күн кешеді.

Мүбәрак Жаманбалинов,

Новосибирь облысы.

## Анаграмма

«Д» — дан бастап оқысаң,  
Өзенді ойға түйесің.  
«Д» орнына «Т» қойсаң,  
Қыста мені кнесің.  
«Т» ны алып тастасаң,  
Сан деп айтып жүресің.

Жіберген Қ. БЕКЕНОВ

Батыс Қазақстан облысы.

## ФИЗИКАЛЫҚ ЧАЙНВОРД

1. Ғылым. 2. Ток күшінің өлшемі. 3. Неміс физигі. 4. Ағылшын ғалымы. 5. Физикалық құрал. 6. Сұйық металл. 7. Блоктар жүйесі. 8. Оптикалық аспап. 9. Радионы тұңғыш ойлап табушы. 10. Электр лампасына қолданатын металл. 11. Тартатын қаспегі бар темір. 12. Денелердің жылыну дәрежесі. 13. Атмосфералық қысымды өлшейтін аспап. 14. Физикалық бір шаманың өлшемі. 15. Атақты грек оқымыстысы. 16. Механикалық күшті өлшейтін құрал. 17. Ток күшін реттейтін құрал. 18. Жылылықты анықтайтын құрал. 19. Ұзындық өлшеуіші. 20. Аспап. 21. Ток күшінің кернеуін түрлендіретін құрал. 22. Дыбыста кездесетін құбылыс. 23. Ток жолы. 24. Ұзындық өлшемі. 25. Сымсыз хабар беру аспабы. 26. Кедергінің өлшемі.


М. ЖАЗЫЛБЕКОВ.

Жамбыл ауданы.

## Кроссворд

КӨЛДЕНЕҢІНЕН ОҚЫҒАНДА:

1. Цирктегі артист. 3. Тәтті тағам. 5. Транспорттың түрі. 7. Ұлт. 8. Венгриядағы өзен. 10. Волганың саласы. 11. Жыршы. 12. Семья мүшесі. 13. Өсімдік. 15. Кавказдағы сөнген вулкан. 17. Қеш. 18. Жыл мезгілі. 20. Суреттер жыйнағы. 22. Химиялық элемент. 24. Пұл. 25. Жәндік. 29. Белорусс ақыны. 30. Лирика жазатын ақын. 31. Металл. 32. Түйе. 33. Өзен.



ТІГІНЕН ОҚЫҒАНДА:

1. Құс. 2. Ән әрпі. 3. Батыс Сибирьдегі дала. 4. Әдеби термин. 5. Насеком. 6. Қалың ағаш. 7. Сибирьдегі қала. 9. «Ботакөз» романың кейіпкері. 13. Тұс. 14. Темір шыбық. 15. Үлкен әке. 16. Қалың кітап. 19. Спорт алаңы. 21. Кеңсе қағаздарының бірі. 22. Жел аты. 23. Театрдағы сыбырлаушы. 24. Қазақстандағы мұнай өндірісінің бірі. 26. Қарталар жыйнағы. 27. Химиялық зат. 28. Мезгіл.

Құрастырған. С. ҚҰЛТАЕВА.

## Жауап

«Пионер» журналының 1954 жылғы 1-номерінде басылған жұмбақтың шешуі «Көкек»

Анаграмманың шешуі:

«Тай», «Сай», «Ай».


Дұрыс жауабын бірінші жібергендер

С. Ашықбаев (Красноводск қаласы),

Б. Ерқозов (Матай станциясы),

Р. Жұмажанова (Талдықорған қаласы),

М. Сабралиева (Жамбыл қаласы).



БАҒАСЫ 1 СӨМ.

